

## ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР

<p>САБАҚ: 3 тарау. <b>Жарық</b>  <b>Бөлімше:</b> Жарық-физикалық құбылыс.  <b>Ортақ тақырып:</b> Біздің айналамыздағы әлем.</p>		<p><b>Мектеп:</b> №74 ЖББОМ</p>
<p><b>ПӘНІ:</b> жаратылыстану</p>		<p><b>Мұғалім:</b> Абилханова Салтанат</p>
<p><b>СЫНЫП:</b> 1</p>		<p><b>Қатысқаны:</b> 10  <b>Қатыспағаны:</b> -</p>
<p><b>Сабақта меңгерілетін дағдылық мақсаттар:</b></p>	<p>Табиғи және жасанды жарық көздері бар екенін білу және оларды атау (күн, электр қуаты)  <b>Дағдылары:</b> бақылау</p>	
<p><b>Сабақ мақсаттары:</b></p>	<p><b>Барлық оқушылар білуге тиіс:</b>  Оқушылар жарықтың табиғи және жасанды көздері бар екенін біледі.</p>	
	<p><b>Оқушылардың көпшілігі:</b>  Оқушылар жарықтың табиғи және жасанды болатынын біледі. Олардың кейбіреуін атайды.</p>	
	<p><b>Кейбір оқушылар:</b>  Оқушылар жарықтың табиғи және жасанды көздерінің барлық түрін анықтайды.</p>	
<p><b>Тілдік мақсат:</b></p>	<p>Жарықтың табиғи және жасанды көздерін атайды.</p>	
	<p><b>Негізгі терминдер:</b>  Жарық көзі – источник света – Light source</p>	
<p><b>Бұрыннан бар білім:</b></p>	<p>Қозғалыстың түрлі траекториясын зерттеу, оларды сурет түрінде көрсету</p>	
<p><b>Жоспар</b></p>		
<p><b>Жоспарланған уақыт</b></p>		<p><b>Ресурстар</b></p>
<p><b>Басы:</b>  0-2 мин  Айтылым  Ұжымдасып.  Мұғалім көмегімен</p>	<p>Баларды <b>шаттық шеңберге</b> тұрғызып амандасқызу және жылы лебіздерін айтқызу.  Мына сұлу әлемде  Адам өмір сүреді  Үлкен менен кішіге  Күн сәулесін төгеді  Балалар шаттық шеңберінде тұрып,  бір-бірімен амандасады, жылы лебіздерін айтады.</p>	<p>Шаттық шеңбері</p>
<p>3-8 мин  Тыңдалым.  Ұжымдасып</p>	<p><b>Жұмбақ шешу:</b>  Таңмен көзін ашады,  Әлемге нұрын шашады. (күн)  - Енді күннің өзін алып қарайық.</p>	<p>Күн сәулесі</p>

	<p>«Күн» деген сөзді естіген кезде ойымызға не келеді ?  Балалар өз ойларын айтады.  - Күн бізге не береді?  (жарық, жылу береді)</p>	
<p><b>Ортасы:</b>  9-15 мин  Айтылым-тыңдалым  Ұжымдасып-Топтасып</p>	<p><b>Суретпен жұмыс:</b>  Суретте: ай, электр шамы, майшам, фонарь т.б  -Балалар суреттен не көріп тұрмыз ?  Бұл сурет туралы не айтуға болады ?  Әр затқа жеке-жеке тоқталып өту.  Бізге не үшін қажет екенін анықтау.  -Балалар бұл заттар бізге жарық береді.  Жарық көзіне нелер жатады ?  Жарық көзіне: күн, ай, электр шамы, майшам, фонарь. (көпшілігі)  -Тағы қандай жарық көздерін білеміз?  Жұлдыз, теледидар экраны жарығы, ұялы телефон экраны жарығы (кейбір оқушылар)</p>	<p>Ай, электр шамы, майшам, фонарь т.б</p>
<p>16-20 мин  Оқылым – Тыңдалым</p>	<p><b>Жарық туралы қысқаша түсінік беру.</b>  Өзінен жарық шығаратын денелер жарық көздері деп аталады.  Жарық көздері екіге бөлінеді: табиғи және жасанды жарық көздері.</p>	<p>Жұлдыз, теледидар экраны жарығы, ұялы телефон экраны жарығы</p>
<p>21-22 мин  Айтылым  Ұжымдасып-топтасып.</p>	<p><b>Үштілділік:</b>  Жарық көзі – источник света – Light source (лайк соуз)</p>	<p>АҚТ</p>
<p>23-25 мин  Тыңдалым  Ұжымға. Мұғалім көрсетеді.</p>	<p>-Балалар осы жарық көздерінің қайсысын күндіз пайдаланамыз ?  -Ал, енді осы жарық көздерінің қайсысын түнде пайдаланамыз ?</p>	<p>АҚТ</p>
<p>26-27 мин</p>	<p><b>АҚТ-дан көрсету:</b>  Күннің, айдың, майшамның, электр шамының, фонарьдың, ұялы телефонның, теледидар экранының жарығын көрсету.  <b>Сергіту сәті:</b>  Күн қызарып түн болды  Таң арайланып күн болды.</p>	

<p>Оқылым Ұжымдасып- Топтасып 28-32</p>	<p>Жаңбыр жауды Найзағай ойнады Жаңбыр тоқтап Күн шайдай ашылды</p> <p><b>Жағдаяттан шығу:</b> -Сен кешкілік сабақ оқуға отырдың. Осы кезде электр жарығы сөніп қалды.Сен сабақты қалай оқисың? Осы жағдайдан қалай шығар едіңдер?</p>	<p>АҚТ</p>
<p><b>Соңы</b> 33-37 мин Айтылым- Жазылым Ұжымдасып- Топтасып- Қалыптастырушы бағалау</p> <p>38-40 мин Айтылым Ұжымдасып</p>	<p><b>Табиғи және жасанды жарық көздерінің суретін салу.</b> <b>1 топ:</b>Табиғи жарық көздерін атайды, мұғалім тақтадан көрсетеді,бір табиғи жарық көзінің суретін салады. <b>2 топ:</b>Жасанды жарық көздерін атайды, мұғалім тақтадан көрсетеді,бір жасанды жарық көзінің суретін салады.</p> <p>-Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қандай ? -Ендеше мына күннің шуақтарына жарық көздерінің түрлерін жазайық. Сабағымызды қорыта келе аспанымыз ашық,күніміз жарық болсын дей келе «Әрқашан –күн сөнбесін» әнімен сабағымызды аяқтайық.</p>	<p>АҚТ Қарындаштар мен қағаз</p> <p>Күннің шуағы</p>
<p><b>Қосымша мәліметтер</b></p>		
<p><b>Дифференциация-оқушыларға мейлінше қолдау көрсетуді қалай тапсырасыз?</b> <b>Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай күрделендіресіз ?</b></p>	<p><b>Бағалау-оқушы білімін бағалауды қалай жоспарлайсыз ?</b></p>	<p><b>Пәнаралық байланыс:</b> <b>Өзін-өзі тану</b> <b>АҚТ</b> <b>Құндылықтар</b></p>
<p>Жарық көздерінің түрлерін атату. Жағдаяттан шығу Табиғи және жасанды жарық көздерінің суретін салу</p>	<p>Суреттерін тексеру арқылы: 1 топ:табиғи жарық 2 топ:жасанды жарық</p>	<p>Өзін-өзі тану пәнімен шаттық шеңберін құрдық. Бейнелеу пәнімен</p>

		байланысып сурет салдық Музыка пәнімен байланыса ән айттық
<p><b>Рефлексия:</b> Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері анық па ? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай, қандай деңгейде өтті ? Дифференциалау жоспарым жүзеге асты ма ? (тапсырмалар сәйкес болды ма ?) Уақыт дәлдігі қандай болды ? Жоспарыма қандай өзгерістер енді ?</p>	<p>Құрылған сабақ мақсатқа сай жазылған. Бүгінгі сабақтан оқушылар жарықтың табиғи және жасанды түрлерін білді. Сабақ орташа деңгейде өтті деп ойлаймын. Тапсырмалар мақсатқа сай берілді. Уақыт дұрыс есептелген.</p>	
<p><b>Қорытынды баға:</b> Қандай екі әдіс өте сәтті болды? (оқыту мен үйрену) 1. Жазылым 2. Айтылым-тыңдалым</p> <p>Қандай екі әдіс толықтырылуы тиіс ? (оқыту мен үйрену) 1. Оқылым 2.</p>		